

Атырау облыстық сотының төрағасы
М.А.Парменовке

Заң кеңесшісі
Қобдаған Асылбек Сағидоллаұлынан

АЛҒЫС ХАТ

Атырау облысы, Индер аудандық сотының өндірісінде талап қоюшы К.Е. жауапкерлер Т.К. және М.А.-дан бір бас сиыр немесе оның құны 500 000 теңге, моральдық шығын ретінде әрқайсысынан 100 000 теңге өндіру туралы азаматтық іс қаралып аяқталған болатын.

Аталған азаматтық іс бойынша талап қоюшы К.Е. талап еткен малы бұрын жауапкерге тиесілі жоғалған мал орнына мал беріп кейін кері қайтаруды сұрап негізсіз талап арызбен жүгінген.

Индер аудандық сотының судьясы А.И.Куспановтың азаматтық істі жан-жақты объективті қарап, келтірілген дәлелдемелерге мән беріп, куәлердің, мамандардың жауаптарын, жауапкерлер тарапынан ұсынылған құжаттарды негізге алып талап қоюшының арызын қаңағаттандырудан бас тартып, әділ шешім қабылдады.

Осы айтылғандарға орай, Индер аудандық сотының судьясы А.И.Куспановтың сот саласында тәжірибесі үлкен маман және адами тұрғыда әділдікті жаны сүйетін тұлға ретінде үлкен алғысымды білдіргім келеді.

Сонымен қатар, Индер аудандық сотының бас маман сот отырысының хатшысы Л.Алиеваның барлық сот отырыстарын уақында басталуын қамтамасыз етіп, барлық тараптарды «WhatsApp» қосымшаларына уақытында қосып, өзінің білгір маман екендігін және өте мәдениетті мелекеттік қызметкердің үлгісін танытты.

Қазақтың ұлы даласында, заманында, қара қылды қақ жарған билер болғандығы барлығымызға мәлім, сол себепті Индер аудандық сотының судьясы А.И.Куспановтың аса байсалдылықпен істің ақ-қарасын анықтап, нәтижесінде қазақ билері тәрізді әділ шешім шығарып отыр.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және жауапкердің өкілі ретінде, Индер аудандық сотының судьясы А.И.Куспановқа және бас маман сот отырысының хатшысы Л.Алиеваға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасылық бақыт және кәсіби өрлеу тілеймін.

Заң кеңесшісі

А.С.Қобдаған

